

**«YESSENOV LAUNCH PAD»-2026
бағдарламасы байқауының ережесі
SHAKHMARDAN YESSENOV FOUNDATION**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «YESSENOV LAUNCH PAD» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) hard skills және/немесе soft skills дағдыларын дамыту бойынша қосымша білім алу үшін ұзақтығы 10 (он) айға дейінгі 2 онлайн/офлайн курстан аспайтын 10 (он) грант береді.
- 1.2. Бағдарлама «Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры» жеке қорының (бұдан әрі – Қор) бастамасы бойынша қаржыландырылады.
- 1.3. **Бағдарламаның мақсаты** – кәсіби және өмірлік міндеттерді жоғары сапалы деңгейде шешуге көмектесетін кәсіби және жоғары кәсіби дағдыларды дамыту.
- 1.4. Ережедегі «грант» термині қосымша білім алуға және мақсаттылыққа барынша қызығушылық танытқан Байқау жеңімпаздарына 600 000 (алты жүз мың) теңгеден аспайтын сомадағы қаржылық қолдауды білдіреді.
- 1.5. Байқау жеңімпаздары ашық байқау барысында іріктеледі.

II . БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

- 2.1. Бағдарлама ұзақ мерзімді және бірнеше кезеңде жүзеге асырылады:
- 2.1.1. Бірінші кезең – Бағдарлама жеңімпаздарын конкурстық іріктеу;
- 2.1.2. Екінші кезең – Байқау жеңімпаздары hard skills және/немесе soft skills дағдыларын дамыту бойынша онлайн/офлайн оқыту курстарын өз бетінше іздейді;
- 2.1.3. Үшінші кезең – Бағдарлама жеңімпаздарының оқудан өтуі.
- 2.2. Бағдарламаның конкурстық іріктеуін өткізу үшін қатысушыларды іріктейтін Сараптамалық кеңес құрылады. Сараптамалық кеңес жеңімпаздарды Байқаудағы 2 (екі) кезеңнің нәтижелері бойынша іріктейді.
- 2.3. Сараптамалық кеңес шешімі Қордың бұйрығымен Бағдарлама жеңімпаздарының ресми расталған тізімі түрінде бекітіледі. Бағдарлама жеңімпаздарының тізімі Қордың сайтында жарияланады: yessenovfoundation.org.
- 2.4. Байқауға қатысушылардың өтінімдері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады. Бағдарламаның жұмыс тілі – орыс тілі.
- 2.5. Қор бас тарту себептерін түсіндірмей, оқуға ақшалай қаражат беруден бас тартуға құқылы.
- 2.6. **Қор Бағдарлама бойынша 10 (он) гранттан артық бермейді.** Бағдарлама аясында бөлінетін гранттардың түпкілікті санын Қордың Сараптамалық комиссиясы айқындайды.
- 2.7. Қор Сараптамалық кеңестің шешімі бойынша 10 (он) гранттан аз немесе көп грант беруге құқылы.

III. ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 3.1. Бағдарламаға 18 (он сегіз) жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматтары, бакалавриаттың соңғыдан бұрынғы және соңғы курсының студенттері, магистранттар, докторанттар мен келесі бағыттар бойынша қазіргі мамандар қатыса алады:

- жаратылыстану, математика және статистика;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары;
- денсаулық сақтау.

* «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №

569 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қазанда № 17565 болып тіркелген)

Байқау жеңімпазын анықтау кезінде үміткерлердің келесідей қасиеттері ескеріледі:

- 3.1.1. жоғары зияткерлік әлеует;
- 3.1.2. өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға ұмтылу;
- 3.1.3. кәсіби дағдылардың кең спектрі;
- 3.1.4. нәтижелілікке бағытталу;
- 3.1.5. өз өмірінің сапасы үшін жауапкершілік алуға ниет және қабілеті.

3.2. Үміткер 3.1.-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша өзінің кәсіби дағдыларын жетілдіруге ниет білдіруі және растауы, сондай-ақ жеке икемдерін дамыту қажеттілігін негіздеуі тиіс:

- 3.2.1. жобаларды басқару;
- 3.2.2. кәсіби коммуникациялар және келіссөздер жүргізу;
- 3.2.3. презентация мен көпшілік алдында сөз сөйлеу шебері;
- 3.2.4. стресс-менеджмент;
- 3.2.5. тайм-менеджмент;
- 3.2.6. эмоционалды зият;
- 3.2.7. көшбасшылық және жобалық командаларды басқару;
- 3.2.8. Қормен келісуі бойынша басқалар.

3.3. **Байқауға қатысу үшін үміткер келесілерді орындауы керек:**

3.3.1. Қор сайтында онлайн-өтінімді толтыру: yessenovfoundation.org.

3.3.2. Өтінімге тіркеу:

Міндетті құжаттар:

- 1) жеке куәліктің сканерленген көшірмесі;
- 2) өзіне қосымша дағдылардың не үшін керек екенін, олардың кәсіби және жеке өміріне қалай әсер ететінін сипаттайтын эссе;
- 3) түйіндеме/CV.

Қосымша құжаттар:

- 1) 3.1 тармағына сәйкес үміткердің белгілі бір саладағы жетістіктерін және/немесе мүдделерін көрсететін Портфолио және тиісті растауды ұсыну: – 3 (үш) құжаттан артық емес.
- 2) ұсынымдар – 1 (бір) құжаттан артық емес;
- 3) академиялық жетістіктер, зерттеу және/немесе инжинирингтік қызметтегі жетістіктер, түрлі деңгейдегі конференцияларға, семинарларға қатысқаны үшін сертификаттар – 3 құжаттан артық емес*;
- 4) жеке, ұжымдық жарияланымдар – 2 (екі) жарияланымнан артық емес;
- 5) диплом, болған жағдайда (соңғы оқу орны) – 1 (бір) құжаттан артық емес;
- 6) әлеуметтік белсенділік және еріктілік сертификаттары – 2 (екі) сертификаттан артық емес*

*Қор сертификаттардың шектеулі санын қарастырады. Үміткер өзінің жетістіктерін жақсы көрсететін сертификаттарды өз бетінше таңдауы керек.

3.4. Өтінімдер Қордың yessenovfoundation.org сайтында 2026 жылғы «10» қыркүйектен «14» қазанға дейін қоса алғанда қабылданады.

Өтінімдерді қабылдау 2026 жылғы «14» қазанда Астана уақытымен (GMT+5) сағат 15:00-де аяқталады. Қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

3.5. Өтінім мен эссені қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде толтыруға болады. Құжаттар (сертификаттар, дипломдар, ұсыным хаттар және т.б.) түпнұсқа тілінде қабылданады.

3.6. Байқауға қатысу үшін құжаттарды тапсыру үміткердің Бағдарламаның мақсаттарын қолдайтынын, осы Ережеде баяндалған Бағдарламаны өткізу шарттарының барлығымен келісетінін және оларды қандай да бір ерекшеліктерсіз толық орындауға дайын екенін білдіреді.

IV. БАЙҚАУДЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

4.1. Байқау 2 (екі) кезеңнен тұрады, әрбір кезең аяқталғаннан кейін үздік үміткерлер іріктеледі.

4.2. **Байқаудың Бірінші кезеңі** – өтінімдерді бағалау. Мерзімінде келіп түскен өтінімдер Қор қызметкерлері мен тәуелсіз сарапшылар тарапынан 2026 жылғы «14» қазаннан «23» қазанға дейін қоса алғанда төмендегі критерийлер бойынша бағаланады::

4.2.1. портфолио сапасы;

- 4.2.2. эссенің сапасы;
- 4.2.3. жұмыс тәжірибесі;
- 4.2.4. олимпиадаларға, конференцияларға, көрмелерге, семинарларға қатысу;
- 4.2.5. жарияланымдарының болуы;
- 4.2.6. шетел тілдерін білуі;
- 4.2.7. әлеуметтік өмірдегі белсенділік.

Байқаудың бірінші кезеңінің нәтижелері үміткерге электрондық пошта арқылы хабарланады. Байқаудың екінші кезеңіне өткен үміткерлердің тізімі Қордың yessenovfoundation.org сайтында **2026 жылғы «26» қазаннан кешіктірілмей жарияланады.**

4.3. Байқаудың бірінші кезеңі аяқталғаннан кейін 20 (жиырмадан) аспайтын қатысушы іріктеледі.

4.4. Байқаудың екінші кезеңі – жеке және/немесе ұжымдық онлайн сұхбат. Онлайн-сұхбат Қор қызметкерлері мен психологтың қатысуымен **2026 жылғы «28» қазаннан «06» қарашаға дейін қоса алғанда** өткізіледі.

4.5. Осы сұхбат барысында үміткерлердің келесі қасиеттері бағаланады:

- 4.5.1. кәсіби дағдылар;
- 4.5.2. оқу қабілеті және жаңа ақпаратты тез қабылдау және талдау қабілеті;
- 4.5.3. мақсаттылық;
- 4.5.4. жаңа жағдайға бейімделу және стандартты емес шешімдерді табу мүмкіндігі;
- 4.5.5. коммуникабельділік;
- 4.5.6. тапсырмаларды қою кезіндегі анықтық пен дәлелділік;
- 4.5.7. эмоционалды зият;
- 4.5.8. басқасы.

4.6. Қор өз шешімдерін Байқау қатысушыларына түсініктеме бермеу құқығын өзіне қалдырады.

4.7. Қор түпкілікті шешімді **2026 жылғы «10» қарашада** қабылдайды. Бағдарлама жеңімпаздарының тізімі Қордың yessenovfoundation.org сайтында жарияланады.

4.8. Байқаудың екінші кезеңінің қорытындысы бойынша Бағдарламаның **10 (он) жеңімпазы** іріктеледі.

V. ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕКТІ АЛУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

5.1. Қор бағдарлама жеңімпаздарына кәсіби және/немесе жеке дағдыларын арттыру үшін сапалы қосымша білім беру курстарын іздеуге жәрдемдеседі.

5.2. Бағдарлама жеңімпазы таңдалған курстарды Қормен келісуі керек. Қор курстар сапасын бағалау үшін сарапшыны тарта алады.

5.3. Курстағы оқудан өту үшін Байқау жеңімпазы мен Қор арасында демеушілік көмек көрсету туралы Шарт жасалады, оның негізінде Қор ақшалай қаражатты (демеушілік көмек) төлейді.

5.4. Егер грант алушы оқудан өтуді неғұрлым кеш мерзімге ауыстырса не денсаулық жағдайына немесе Шарт жасалғаннан кейін туындаған және оқудан өтуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайларға байланысты оқуды бастай алмаса немесе оны осы Шартта белгіленген мерзімде аяқтай алмаса, егер тараптар жазбаша түрде өзгеше келіспесе, осы Шарт бұзылуға, ал берілген грант сомасы Қорға толық көлемде қайтарылуға тиіс.

5.5. Оқуға грант алған Байқау жеңімпазы Қормен жасалған Шарттың талаптарын сақтауға міндетті, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

- 1) курстардың сабақтарына кестеге сәйкес қатысуға және дәлелді себепсіз сабақтарды өткізіп алмауға;
- 2) курстарда оқу шеңберінде барлық тапсырмаларды және өз бетінше орындауға арналған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға;
- 3) емтихандарды уақтылы тапсыруға;

- 4) Бағдарлама жеңімпазы курстарда оқудан өтетін білім беру ұйымының өзге де міндеттемелері мен қағидаларын сақтауға;
- 5) Қордың оң беделін қамтамасыз ететін кез келген қолайлы нысанда, оның ішінде өзінің әлеуметтік желілердегі аккаунттарында Қор туралы ақпаратты таратуға, сондай-ақ Қор ұсынатын ақпараттық-жарнамалық материалдарды таратуға;
- 6) Байқау аяқталған және қатысушыға Бағдарлама жеңімпазы мәртебесі берілген сәттен бастап таңдалған курс (-тар) бойынша оқу аяқталғаннан кейін 1 (бір) апта өткенге дейінгі кезеңде Қордың және оның құрылтайшысының #yessenovfoundation, #galimzhanyessenov хэштегтерін пайдалана отырып, өзінің әлеуметтік желілерінде кемінде 2 (екі) жарияланым орналастыруға;
- 7) бенефициарлармен жұмыс істеуге жауапты Қор өкілдерімен белсенді өзара іс-қимыл жасауға, туындайтын сұрақтарға уақтылы жауап беруге және қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпарат ұсынуға;
- 8) Қорға өзінің кәсіби және жоғары кәсіби қызметіндегі жетістіктері туралы ақпарат беруге;
- 9) Қордың сұрауы бойынша түсірілімдерге, ақпараттық сессияларға және басқа да коммуникациялық іс-шараларға қатысуға. Аталған фото және бейнематериалдар кейіннен Қордың әлеуметтік желілерінде және жарияланымдарында пайдаланылуы мүмкін;
- 10) Қордың сұрауы бойынша кез келген ақпаратты, оның ішінде Байқауға қатысуға және ұтып алынған грантты іске асыруға (тағылымдама, стипендия, оқу және т.б.) қатысты ақпаратты өтінімде көрсетілген электрондық поштаға сұрау келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға;
- 11) Қордың талабы бойынша оның қызметі мен бағдарламаларын іске асыруға жәрдем көрсетуге;
- 12) Қазақстан жастарына мотивациялық мақсаттағы Қор ресурстарында табыс тарихтарын және басқа да жарияланымдарды жасау мақсатында Қордың сұрауы бойынша жеке фотосуреттерді, мәтіндік және бейнематериалдарды (оқу/жұмыс/тағылымдама/қоғамдық іс-шаралар орнынан және т.б.) ұсынуға (фото және бейнематериалдардағы адамдардың сыртқы келбеті мен киімі ұқыпты әрі зайырлы сипатта болуы тиіс), сондай-ақ Қордың іс-шаралары кезінде фото және бейнесессияларға қатысуға;
- 13) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Бағдарлама жеңімпазы мен Қор қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын не оның бұзылуына ықпал ететін әрекеттерді, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әрекеттерді жасаудан немесе осындай әрекеттерді жасауға итермелеуден қалыс қалуға, сондай-ақ қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін кез келген тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету мақсатында оларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге міндетті.

5.6. Байқауға және (немесе) Ережеге қатысты барлық сұрақтар бойынша Қор тарапынан уәкілетті тұлғаларға келесі байланыс деректері арқылы хабарласыңыз:

- Айгерім Султан: aigerim.s@yessenovfoundation.org, телефон: +7 701 627 9607;
- Ирина Грищенко: irina.g@yessenovfoundation.org, телефон: +7 771 775 1815.

5.7. Егер ақпарат шындыққа сәйкес келмесе, Қор үміткерлер және/немесе байқау жеңімпаздары берген ақпаратты кез келген заңды тәсілдермен тексеруге және кез келген Өтінім берушіні Байқаудан және/немесе Бағдарламадан шығаруға құқылы.

5.8. Қор Байқау гранттарына үміткерлер бойынша қабылданған шешімдердің уәждері мен себептері туралы түсініктеме бермеуге құқылы.